

**Қазақстан негізгі орта білім беру мектебі бойынша
қамқоршылық кеңесінің
№ 2 хаттамасы**

20 қазан 2025 жыл

Төрайымы: Батаева Аяужан Бакытбековна

Хатшы: Бейсенбина Анар Ерболатовна

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде:

1. «Балапан» шағын орталық тәрбиеленушілерін ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы.
2. 1-4 сынып оқушыларының жаппай оқу қорынан ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі.
3. Оқушылардың ішкі тәртіп ережелерін сақтауы мектеп формасы.
4. Түрлі конкурстарға қатысуды ұйымдастыру.

1.Тыңдалды: Шағын орталық әдіскері К.Е.Алимгазина «Балапан» шағын орталық тәрбиеленушілерін ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы.

1.Сөйледі: «Балапан» шағын орталығына жалпы 16 тәрбиеленуші келеді. Оның алты тәрбиеленушісі Таскайратов Айсұлтан, Мейрамбек Нурай, Мейрамбек Арсен, Оспан Гарифолла, Нуртаева Медина, Тулеубек Алтынбек көп балалы отбасынан шыққан тәрбиеленушілер. Ал біреуі ата-ана қамқорлығынан айырылған Алмас Жоламан, бұл тәрбиеленуші тегін ыстық тамақпен қамтылған. Барлық 15 тәрбиеленушілер ата-аналардың демеушілік тарапынан тамақтанады.

2.Тыңдалды: Ата-Аналар комитетінің төрайымы А.Батаева

1-4 сынып оқушыларының жаппай оқу қорынан ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі.

2.Сөйледі: Қазақстан негізгі орта білім беру мектебі бойынша 1-4 сынып оқушыларының саны 15. 2-сыныпта – 8 оқушы, 3-сыныпта – 2 оқушы, 4-сыныпта – 5 оқушы. 15 оқушының барлығы жаппай оқыту қорынан ыстық тамақпен тегін тамақтанады. ҚР ДСМ санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы №135 НҚ бұйрығы негізінде перспективалық 4 апталық маусымдық мәзір бойынша балалар қыркүйек айынан бастап тамақтанады.

3.Тыңдалды: А.Бейсенбина Оқушылардың ішкі тәртіп ережелерін сақтауы мектеп формасы.

3.Сөйледі: Тәртіп пен біркелкі мектеп формасы оқу ортасының жақсаруына ықпал етеді және оқушылардың үлгерімін арттырады. Білім алушылардың міндеттері: ішкі тәртіп ережелерін, білім беру ұйымының Жарғысын сақтау; - басқа білім алушылардың, мектеп қызметкерлерінің құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, олардың мүдделеріне нұқсан келтірмеу, кішілерге көмектесу; - тәртіпті болу, мектепте және одан тыс жерлерде қоғамдық тәртіпті сақтау, мектеп формасына қойылатын талаптарды орындау; - физикалық қысым, қорқыту мен қорлаудан, басқаларға қатысты кемсітушілік әрекеттерден аулақ болу. Сабаққа қатысты: - сабаққа кешікпеу; - кезекші әкімшінің, сынып жетекшісінің немесе мейірбикенің рұқсатынсыз сабақтан шықпау; - үзіліс кезінде мектеп аумағынан шықпау. Оқуда: - оқуға және басқа да сабақтарға саналы түрде қарау, оқу орнында тәртіп сақтау; - дәлелді себептерсіз сабақтан қалмау. Мүлікке қатысты: - мектептің мүлкіне, басқа адамдардың еңбегіне, жасыл желектерге ұқыпты қарау.

Ішкі тәртіп бұзылған жағдайда: 1) тәртіп бұзушылық фактісі мектеп әкімшілігімен қаралады 2) тәртіп бұзушылар мектепшілік есепке (БЖТ) алынады 3) тәртіп бұзушылық қайталанған жағдайда білім алушылар Педагогикалық Кеңесте қаралады 4) қасақана тәртіп бұзушылық орын алған жағдайда іс кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияға жіберіледі.

Мектеп формасына қойылатын талаптар: 1.ҚР «Білім туралы» Заңының 49- бабы 2-тармағына сәйкес ата-аналармен мен өзге де заңды өкілдер: - білім беру ұйымының жарғысында айқындалған ережелерді; - білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп нысанына қойылатын талаптарды орындауға; - білім беру ұйымында белгіленген киім нысанын сақтауға; - балалардың оқу орнындағы сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге міндетті. 2. ҚР «Білім туралы» Заңының 47-бабының 15-1-тармағына сә

кес орта білім беру ұйымдарында ОҚУШЫЛАР білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.

4.Тыңдалды: МДТІЖО А.Е.Бейсенбина Түрлі конкурстарға қатысуды ұйымдастыру.


4.Сөйледі: Оқушылардың қызығушылықтарын, білім сапасын арттыру мақсатында оқушыларды әртүрлі онлайн, офлайн форматты конкурстарға қатыстыру. Дарынды балалармен жұмыс олардың мектепшілік интеллектуалды байқауларға қатысуымен шектелмейді, оқушылардың аудандық, облыстық және республикалық байқауларға қатысуы дәстүрге айналып келеді, оқушыларды олимпиадаға және түрлі зияткерлі сайыстарға қатыстырғанда үздіксіз білім беру жұмысының тиімділігі көрініп тұрады.

Жыл бойы дарынды балалармен жұмыстар кешенді түрде жүргізіледі. Пән апталықтарында дарынды балаларға арналған әртүрлі интеллектуалды сайыстар өткізіледі.


Шешімі:

1. «Балапан» шағын орталық тәрбиеленушілері ата-аналар демеушілік тарапынан ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.
2. 1-4 сынып оқушыларының жаппай оқу қорынан ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.
3. Мектептің ішкі тәртібі ережелері және оқушылардың мектеп формасы талаптары қатаң сақталынсын.
4. Оқушылар түрлі конкурстарға қатыстырылсын.


Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Батаева А. 


Сейтказина Б. 

Мусина Н. 

Тасболатова А. 

Ибрайкина Ы. 


Ашжанова Ж. 

Мырзахан Ә. 

Алимгазина К. 

Рахимова С. 

Усина Р. 

Бекмуханова Г. 

Хатшы:Бейсенбина А.Е. 